

2010 жылға арналған біржолғы талондардың құны туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының IV шақырылған XVII сессиясының 2009 жылғы 22 желтоқсандағы N 522/17 шешімі. Қарағанды облысы Шахтинск қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 12 қантарда N 8-8-76 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының XXVIII сессиясының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы N 635/28 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қалалық мәслихатының XXVIII сессиясының 2010.12.24 N 635/28 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес қалалық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. 2010 жылға арналған Шахтинск қаласының және маңындағы кенттердің базарларында сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметі мезеттік сипаттағы тұлғаларға бір жолғы талондардың құны "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Қарағанды облысы бойынша Салық департаментінің Шахтинск қаласы бойынша Салық басқармасы" мемлекеттік мекемесімен жүргізілген орташа күндік хронометраждық қадағалау мен зерттеу деректері негізінде 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

2. Шахтинск қалалық Мәслихатының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы IX сессиясының "2009 жылға арналған біржолғы талондардың құны туралы" (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 8-8-64 тіркелді, 2009 жылғы 20 ақпандағы N 8 "Шахтинский вестник" газетінде жарияланған) N 434/9 шешімінің күші жойылсын деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессияның төрайымы

P. Елизарева

Қалалық Мәслихаттың хатшысы

Ә. Сатова

Қ а л а л ы қ

мәслихаттың

2009

жылғы

22

желтоқсандагы

XVII

сессиясының

N

522/17

шешіміне

1 қосымша

Шахтинск қаласының және маңындағы кенттердің базарларында сатуды жүзеге асыратын тұлғаларға бір жолғы талондардың құны

Атауы	Мамандануы	Сауда орнының түрі	Сауда орнының көлемі шаршы метрде	1 шаршы метр көлемге айлық есептеу көрсеткіші %
1	2	3	4	5
Шахтинск қаласы, "Орталық" базары, жеке кәсіпкер Петраков Г.Г.	азық-тұлік	сөре	3,8	5
		ет сөресі	3,8	6
		сүт сөресі	2,2	3
	өнеркәсіптік	сөре	5,2	4
		қолдан	2	2
	Шахтинск қаласы, "26 квартал" базары, жеке кәсіпкер Петраков Г.Г.	азық-тұлік	сөре	3,8
			ет сөресі	3,8
			сүт сөресі	2,2
		өнеркәсіптік	сөре	5,2
			қолдан	2
Шахан поселкесі, жеке кәсіпкер Кошелев Ю.Н.	азық-тұлік	сөре	5,2	4
		ет сөресі	3,8	6
		сүт сөресі	2,2	3
	өнеркәсіптік	сөре	6	3
		қолдан	2	2

Қалалық

2009

жылғы

22

мәслихаттың

XVII

сессиясының

N

522/17

желтоқсан дағы

2 қосымша

Кәсіпкерлік қызметі мезеттік сипаттағы тұлғаларға бір жолғы талондардың бір күндегі құны

р/н N	Қызмет түрлерінің атауы	Эпизодикалық сипаттағы кәсіпкерлік қызмет тұлғаларға біржолғы талондардың бір күндегі құны, айлық есептеу көрсеткішінен %

1	2	3
1.	Сату (тұрақты үй-жайларда жүзеге асырылатын қызметтен басқасы):	
	1) газеттер мен журналдар;	9
	2) тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет);	13
	3) бақша дақылдары;	26
	4) саяжай және үй жанындағы өсірілген тірі гүлдер;	13
	5) үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай учаскелерінің енімдері;	5
	6) жануарлар мен құстарға арналған дайын жемшөп;	
	7) сыпыргылар, сыпыртқылар, орман жидектері, бал, санырауқұлақтар және балық.	
2.	Жер учаскелерін өндеду бойынша жеке тракторлар иелерінің қызмет көрсетулері.	24
3.	Үй жануарлары мен құстарды жаю.	5

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК